

**"Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 437 қаулысына
өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 569 қаулысы
. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 шілдедегі
№ 560 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 437
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 32, 288-құжат)
мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жеке сот орындаушысының қызметіне ақы
төлеу мөлшерінде:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"талап қоюды қамтамасыз ету, мүлікті тыйым салудан босату және өзге
атқарушылық құжаттар бойынша – жеке тұлғалардан 10 АЕК, заңды тұлғалардан
20 АЕК;"

2) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"баламен қарым-қатынас жасау тәртібі туралы – жеке тұлғалардан ай сайын
20 АЕК мөлшерінде;"

ескертпе мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен
толықтырылсын:

"Баламен қарым-қатынас жасау тәртібі туралы атқарушылық құжаттар
бойынша жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу өндіріп алушы мен
борышкерге тең үлестермен жүктеледі.

Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу қамтамасыз ету шараларын
қолдану туралы өтініш жасаған тараптан өндіріп алынады. Талап қоюды
қамтамасыз етудің күшін жою туралы атқарушылық құжат бойынша жеке сот
орындаушысының қызметіне ақы төлеу қамтамасыз ету шараларын қолдану
туралы өтінішті мәлімдеген және талап қоюдан бас тартылған тұлғадан өндіріп
алынады. Талап қанағаттандырылған жағдайда жеке сот орындаушысының талап

қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы атқарушылық құжат бойынша қызметіне ақы төлеу өзіне қатысты қамтамасыз ету шаралары қабылданған тұлғадан өндіріп алынады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК